

## Тасқала ауданының Тоғайлы ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 3 маусымдағы № 15 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 маусымда № 3561 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 20 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ауылдық округі әкімінің 25.12.2015 № 20 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі " Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Тасқала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2014 жылғы 19 мамырдағы № 156 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауданының Тоғайлы ауылы аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің м.а*

*Е. Көшербаев*